

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТИҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ

НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА



Жоғары білім беру ұйымдарын  
(білім беру бағдарламаларын)  
мамандандырылған аккредиттеу

# СТАНДАРТТАРЫ

# СТАНДАРТЫ

специализированной аккредитации  
(образовательных программ)  
организаций высшего образования

Астана 2012

## АЛҒЫ СӨЗ

**1** «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекемесімен **ДАЙЫНДАЛДЫ**.

**2** Қазақстан Республикасы индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетімен **КЕЛІСІЛДІ**.

**3** «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ директорының «26» сәуір 2012 жылғы № 08-од бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**.

**4** Осы стандартта 27.07.2007 ж. Қазақстан Республикасының № 319-III «Білім туралы» Заңының нормалары іске асырылған.

## 5 ЕКІНШІ БАСЫЛЫМ

## ПРЕДИСЛОВИЕ

**1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН** Некоммерческим учреждением «Независимое агентство аккредитации и рейтинга».

**2 СОГЛАСОВАН** с Комитетом технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан.

**3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ** приказом директора НУ «Независимое агентство аккредитации и рейтинга» от «26» апреля 2012 г. № 08-од.

**4** В настоящем стандарте реализованы нормы Закона Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III.

## 5 ИЗДАНИЕ ВТОРОЕ

Осы стандартты «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекемесінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайталауға, көбейтуге және таратуға жол берілмейді.

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен без разрешения Некоммерческого учреждения «Независимое агентство аккредитации и рейтинга»

## МАЗМҰНЫ

Қолдану саласы	5
Нормативтік сілтемелер	5
Терминдер мен анықтамалар	6
Белгілеулер мен қысқартулар	7
Мамандардырылған аккредиттеуді жүзеге асырудың рәсімдері. Негізгі ережелер	8
Кейінгі рәсімдер. Негізгі ережелер	9
Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару». Талаптар	10
Стандарт «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі». Талаптар	13
Стандарт «Профессорлық-оқытушы құрамы және оқытудың тиімділігі». Талаптар	16
Стандарт «Білім алушылар». Талаптар	18
Стандарт «Білім беру бағдарламасына қолжетімді ресурстар». Талаптар	20
Стандарт «Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі стандарттар». Талаптар	23
Аккредиттеу стандартына өзгертулер мен толықтырулар енгізудің тәртібі.	27
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	28

## СОДЕРЖАНИЕ

Область применения	29
Нормативные ссылки	29
Термины и определения	30
Обозначения и сокращения	31
Процедура проведения специализированной аккредитации. Основные положения	32
Последующие процедуры. Основные положения	33
Стандарт «Управление образовательной программой». Требования	34
Стандарт «Специфика образовательной программы». Требования	37
Стандарт «Профессорско-преподавательский состав и эффективность преподавания». Требования	40
Стандарт «Обучающиеся». Требования	42
Стандарт «Ресурсы доступные ОП». Требования	44
Стандарты в разрезе отдельных специальностей. Требования	47
Порядок внесения изменений и дополнений в стандарт аккредитации	50
Библиография	51

## ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ ЖӘНЕ ӨЛШЕМДЕРІ

### 1. Қолдану саласы

1.1 Осы стандарттар жоғары оқу орындарына және жоғары оқу орындарындағы мамандандырылған аккредиттеуден өткізуге қойылған талаптарды анықтайды.

1.2 Осы стандарттар жоғары оқу орындарының мәртебесі, ұйымдастырушылық-құқықтық үлгісі, меншіктілік және ведомстволық бағынушылық үлгілерінен тәуелсіз мамандандырылған аккредиттеу рәсімін өткізу кезінде қолданылады.

1.3 Осы стандарттар сонымен қатар өз қызметін ішкі бағалау үшін және сәйкес нормативті құжаттарды дайындау үшін жоғары оқу орындарында қолданылуы мүмкін.

### 2. Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылады:

2.1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.

2.2 Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеулер туралы» Заңы. 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II.

2.3 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III.

2.4 Қазақстан Республикасының «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі № 61-IV Заңы.

2.5 Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру Ережесі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 қаулысы.

2.6 ҚР МЖМБС 5.04.019-2011. «Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер», 2011 жылғы 17 маусымындағы ҚР БҒМ № 261 бұйрығымен бекітілген.

2.7 ҚР МЖМБС 5.04.033-2011 «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Магистратура. Негізгі ережелер», 2011 жылғы 17 маусымындағы ҚР БҒМ № 261 бұйрығымен бекітілген.

2.8 ҚР МЖМБС 5.04.034-2011 «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Докторантура. Негізгі ережелер», 2011 жылғы 17 маусымындағы ҚР БҒМ № 261 бұйрығымен бекітілген.

2.9 «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы.

### 3. Терминдер мен анықтамалар

Осы стандарта терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Техникалық реттеулер туралы» заңдарына, ҚР МЖМБС № 1080 сәйкес қолданылады.

Оларға қосымша ретінде осы стандартта келесі терминдер мен анықтамалар бекітілген:

3.1 **Аудит:** Аудиттің (тексерістің) келісілген алғышарттарының орындалу дәрежесін анықтау мақсатында аудит (тексеріс) куәліктерін алу және оның объективті бағалауының жүйелі, тәуелсіз және құжатталған үрдісі.

3.2 **Ақпараттық ресурстар:** Кітапхана қорының, электронды оқыту материалдарының және басқа да қолжетімді оқыту-әдістемелік қамсыздандырудың жиынтығы.

3.3 **Басқарушылық құжаттама:** Лауазымдық нұсқаулық, құрылымдық бөлімшелер туралы ереже, үрдістерді басқару, әр түрлі рәсімдерді қоюдан, жоюға бойынша құжаттама.

3.4 **Білім беру бағдарламасы:** Біліктілік және (немесе) «бакалавр» академиялық дәрежесін беретін мамандарды даярлауға бағытталған жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасы.

3.5 **Білім беру қызметінің маркетингі:** Нарықта құндылығы бар мамандарды әзірлеу мақсатында білім беру қызметін өндіруге шақыратын тұтынушылардың қажеттілігі мен мұқтаждығын қанағаттандыруды зерттеуге бағытталған жоғары оқу орны қызметінің түрі.

3.6 **Білім беру қызметінің мониторингі:** Білім беру қызметінің үдерістері мен рәсімдері туралы мәліметтерді жинау және талдау.

3.7 **Білім беру сапасы:** Студенттер мен түлектердің білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және жоғары оқу орны белгілеген қосымша талаптарға сәйкестігі.

3.8 **Білім беру ұйымдарын аккредиттеу:** Аккредиттеу ұйымы жоғары оқу орны қызметінің сапасын жалпы бағалайтын немесе жекелеген білім бағдарламаларының белгіленген стандарттарының сәйкестігін тану мақсатында жүргізілетін үрдіс.

3.9 **Емтихан сессиясы:** Жоғары оқу орындарында студенттерді аралық аттестаттау кезеңі.

3.10 **Инновациялық білім беру:** Ғылыми ізденіс және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін коммерциялау дағдысына ие мамандарды дайындау мақсатында білімді, ғылымды және өндірісті біріктіру.

3.11 **Қорытынды бақылау:** Аралық аттестаттау кезеңінде (емтихан сессиясы) студенттердің білімін бағалау.

3.12 **Қорытынды мемлекеттік аттестаттау:** Мемлекеттік емтихандарды тапсыру және диплом жұмыстарын (жобаларын) қорғау.

3.13 **Мамандандырылған аккредиттеу:** Білім беру ұйымы іске асыратын же-

келеген білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау.

3.14 **Нәтижелілік:** Жоспарланған іс-әрекеттің іске асырылу және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу дәрежесі.

3.15 **Өндірістік қызмет:** Шаруашылық келісімдердің шеңберінде өндірістік кәсіпорындар, ұйымдар мен фирмалардың тапсырысы бойынша ғылыми жұмыстарды орындау.

3.16 **Рәсім:** Іс-әрекетті немесе процесті жүзеге асырудың қалыптасқан тәсілі.

3.17 **Рейтингті бағалау:** Шептік бақылау кезеңінде семестрде екі рет анықталатын студенттің ағымдағы үлгерімінің көрсеткіші.

3.18 **Рұқсат рейтингісін бағалау:** Академиялық кезең аралығындағы пән бойынша қорытынды бағалауға кіретін студенттің ағымдағы жұмысын бағалау.

3.19 **Сапа жүйесі:** Бекітілген ережелер мен қабылданған әдістемелерге сәйкес сапа менеджментінің белгілі қызметтерін орындайтын ұйымдағы лауазымдық тұлғалар мен бөлімшелердің жиынтығы.

3.20 **Студенттерді аралық аттестаттау:** Білім алушылардың оқу пәнін оны оқу бағдарламасына сәйкес зерделеп бітіргеннен кейінгі меңгеру деңгейін бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

3.21 **Студенттердің үлгерімін ағымдағы бақылау:** Бұл кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес, оқу кестесіне сай ағымдағы оқытушының дәрісі барысында білім алушылардың білімін жүйелі түрде тексеру.

3.22 **Туімділік:** Қол жеткізілген нәтиже мен пайдаланылған ресурстар арасындағы байланыс.

3.23 **Тұтынушы:** Өнімді немесе қызметті алушы ұйым немесе тұлға (білім алушылар, олардың ата-анасы, жұмыс берушілер, мемлекет).

3.24 **Тұтынушылар мұқтаждығының қанағаттандырылуы:** Тұтынушы талаптарының орындалу дәрежесін тұтынушылармен қабылдануы.

3.25 **Үдеріс:** «Кірістерді» «шығыстарға» түрлендіретін өзара байланысты және дәйекті іс-қимылдар (жұмыстар) жиынтығы.

3.26 **Шептік бақылау:** Рейтингік бағалауды қою арқылы семестр ішінде студенттерді аттестаттау (семестрде екі рет өткізіледі).

#### 4. Белгілеулер мен қысқартулар

Осы стандартта терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Техникалық реттеулер туралы» заңдарына, ҚР МЖМБС № 1080 сәйкес қолданылады.

Осы стандартта келесі белгілеулер мен қысқартулар қолданылады:

**АРТА** - Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі;

**ББ** - білім беру бағдарламасы;

**ҒЗЖ** - ғылыми-зерттеу жұмысы;

**ҒӨҚ** - ғылыми-өндірістік қызметі;

**ЖОО** - жоғары оқу орны

**МЖМБС** - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары;

**ОҚҚ** - оқу-көмекші қызметкерлер;

**ПОҚ** - профессорлық - оқытушы құрамы;

**СҒЗЖ** - студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы;

**СМЖ** - сапа менеджментінің жүйесі.

## **5. Мамандандырылған аккредиттеуді жүргізу рәсімдері. Негізгі ережелер**

5.1 Білім беру ұйымы, мемлекеттік лицензияның көшірмесі және білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензияға қосымшаларын, жоғары оқу орны қызметінің қысқаша сипаттамасын қоса тіркеп, мамандандырылған аккредиттеуді өткізуге өтініш береді.

5.2 Мамандандырылған аккредиттеу рәсімін бастау туралы АРТА шешім қабылдайды. Агенттік пен білім беру ұйымының арасындағы мамандандырылған аккредиттеуді өткізу туралы екіжақты келісім-шарттың жасалуы және аккредиттеуге үміткер мәртебесін беру.

5.3 Білім беру ұйымы мен АРТА басшылығы мамандандырылған аккредиттеу рәсімдері мен өлшемдерін білім беру ұйымының ішкі сарапшыларына түсіндіру мақсатында мамандандырылған аккредиттеуді өткізу технологиясы, әдістемесі мен теориясына қатысты сұрақтар бойынша арнайы семинарларда оқыту ұйымдастырады.

5.4 Білім беру ұйымы АРТА тағайындаған стандарттар мен өлшемдерге сәйкес өзін-өзі бағалауын өткізеді, және өзін-өзі бағалау туралы есебін (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) электрондық нұсқада және әр тіл үшін 7 данадан қағаз тасымалдағыштарда АРТА-ға ұсынады.

5.5 Жоғары оқу орнының аудитін жүргізу үшін АРТА директоры сараптау комиссиясын құрады. Сараптау комиссиясы 7 (8) сарапшыдан тұрады, оның құрамына Қазақстанның академиялық қоғам өкілдері, жұмыс берушілер мен студенттік жастар өкілдері және шетел сарапшылары кіреді.

5.6 Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау туралы есебінің негізінде АРТА өзін-өзі бағалау материалдарын жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлейді, немесе сыртқы сараптамалық бағалауды өткізу туралы шешім қабылдайды, немесе өлшемдерге сай келмегендіктен аккредиттеудің мүмкінсіздігі және келісім-шартты тоқтату туралы шешім қабылдайды.

5.7 Аккредиттеу жалғасқан жағдайда АРТА мен сараптау комиссиясының төрағасы білім беру ұйымымен мамандандырылған аккредиттеуді өткізу мерзімі мен комиссияның жұмыс жоспары жөнінде келіседі.

5.8 Сараптау комиссиясы білім беру ұйымында ұзақтығы екі-төрт күн болады. Соңында сыртқы сараптау комиссия жоғары оқу орнының қызметін бағалау бойынша толық есеп әзірлейді. Осы есеп Аккредиттеу Кеңесімен мамандандырылған аккредиттеу туралы шешім қабылдаудың негізі болып табылады.

5.9 Оң шешім қабылданған жағдайда АРТА директорымен қол қойылған

мамандандырылған аккредиттеу туралы куәлік қолданылу мерзімінің көрсетілуімен білім беру ұйымына жіберіледі. Одан кейін жоғары оқу орнын аккредиттеу туралы шешім 3-Ұлттық тізілімге қосу мақсатында ҚР БҒМ-ге жіберіледі және АРТА-ның веб-сайтында орналастырылады.

5.10 Жеке кемшіліктер болған жағдайда білім беру бағдарламасын аккредиттеу бір жыл мерзімге беріледі. Мерзімнің өтісімен АРТА-ның сараптау комиссиясы білім беру ұйымына бару арқылы жекелеген кемшіліктердің жойылғанын тексереді. Оң шешім қабылданған жағдайда аккредиттеудің мерзімі бес жылға дейін ұзартылады. Егер жекелеген кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған болса, білім берудің аккредиттеу әрекеті тоқтатылады және өтініш білдірген ұйым аккредиттеу бағдарламасын қайтару туралы шешім қабылдаған уақыттан бастап бір жыл бойы АРТА-ға аккредиттеу үшін өтініш беру құқығынан айрылады.

5.11 Жоғары білім беру ұйымдарын аккредиттеудің мерзімдері:

1 жыл - жалпы өлшемдердің сақталғанында, бірақ жекелеген кемшіліктердің және жақсарту мүмкіндігінің болуы жағдайында;

5 жыл - оң нәтиже кезінде, бір жылдық аккредиттеуді созырғанда немесе өлшемдердің толық сақталғанында.

5.12 Төріс шешім қабылданған жағдайда білім беру ұйымы Жоғары оқу орнының өзін-өзі бағалауды өткізу бойынша нұсқаулығында және Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша Аккредиттеу Кеңесінің шешіміне шағымдану құқығына ие.

## 6. Кейінгі рәсімдер. Негізгі ережелер

6.1 АРТА-ның талаптарын орындамаған жағдайда білім беру ұйымына қатысты Аккредиттеу Кеңесі келесі шешімдерді қабылдай алады:

- жоғары оқу орнын аккредиттеу мерзімін уақытша тоқтату,
- білім беру ұйымының аккредиттеуін 2-Ұлттық тізілімнен шығару арқылы қайтарып алу, бұл өз кезегінде бұған дейін қол жеткізген барлық аккредиттеу нәтижелерін жоюға және өтініш беруші аккредиттеуді қайтадан өткізі келген жағдайда аккредиттеудің барлық кезеңдерін басынан өту міндеттемесіне әкеліп соғуы мүмкін.

6.2 Білім беру ұйымы қызметінің аккредиттеуден кейінгі мониторингі келесідей жүзеге асырылады:

	1 жыл	3 жыл	5 жыл
Аралық есеп беру	Жылына бір рет	Жылына бір рет	Екі жылда бір рет



## **7. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару». Талаптар**

### **7.1 Жалпы ережелер**

7.1.1 ББ жүзеге асырылуы оның мақсаттары мен даму жоспарымен анықталады.

7.1.2. ББ жүзеге асырылуы ҚР білім беру саласындағы заңнамаларына толығымен сәйкес болуы керек.

7.1.3 Бұл стандарттың бағалауы келесі пункттердің негізінде жүргізіледі:

7.1.3.1 қолданыстағы ББ даму жоспарын және оны жүзеге асыру мониторингінің жоспарлары мен жүйесін талдау;

7.1.3.2 ББ даму жоспарын қалыптастыру және қайта қарау тетігін талдау;

7.1.3.3 ББ даму жоспары туралы ақпараттың таралу үдерістерін және ақпараттық ресурстарды талдау;

7.1.3.4 ББ даму жоспарын іске асыруға бағытталған басқару құрылымы менресурстық қамтамасыз ету тетігін талдау;

7.1.3.5 ББ даму жоспарының бастапқы параметрлерін анықтау үшін нарық пен ішкі және сыртқы ортаны талдау;

7.1.3.6 ББ іске асыруға бағытталған ЖОО-ның материалдық-техникалық базасы мен ақпараттық ресурстарды зерттеу;

7.1.3.7 алқалы басқару органдарының хаттамаларын, ректор бұйрықтарын, басқарушылық есеп-қисаптарды талдау;

7.1.3.8 ЖОО-ның жоғары басшылығының кәсіптік біліктілікке сәйкес болуын және қызметтік нұсқаулардың үлестірімін талдау;

7.1.3.9 ЖОО-ның қызметкерлері мен студенттерінен, ПОҚ-тан, жұмыс берушілерден және мүдделі жақтардан сұхбат алып, сауалнама жүргізу.

### **7.2 Бағалау өлшемдері**

7.2.1 ЖОО ББ-ның қызметін, ЖОО-ның нақты орны мен оның мүдделі тұлғалар, білім алушылар мен мемлекеттің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталғанын талдау негізінде ББ дамыту жоспарын әзірлеуін көрсетеді.

7.2.2 ЖОО ББ-ның даму жоспарының даралығын және бірегейлігін, олардың дамудың ұлттық басымдығы және ЖОО-ның даму стратегиясымен сәйкестігін көрсетуі керек.

7.2.3 ЖОО ББ даму жоспарының қолда бар ресурстарға (осының ішінде қаржылық, ақпараттық, кадрлық құрамына, материалдық-техникалық базаға), нарықтың қажеттілігіне және ҚР білім беру саясатына адекваттығын қамтамасыз етуі қажет.

7.2.4 ЖОО ББ даму жоспарын қалыптастыруға мүдделі топтардың өкілдерін, студенттерді, профессорлық-оқытушы құрамын және жұмыс берушілерді тартуы қажет.

7.2.5 ЖОО ББ даму жоспарын қалыптастыру үдерістерінің айқындығын көрсетеді. ЖОО мүдделі тұлғалардың ББ даму жоспарының мазмұны және оны қалыптастыру үдерістері жөнінде хабардар болуын қамтамасыз етеді.

7.2.6 ЖОО ББ даму жоспарын қалыптастыру мен тұрақты түрде қайта қараудың және оны іске асырудағы мониторинг жүйесінің тетіктерін анықтауы тиіс.

7.2.7 ЖОО ББ даму жоспарына сәйкес стратегиялық, тактикалық, оперативтік жоспарлау және ресурстарды бөлу үдерістерін жүзеге асырады.

7.2.8 ЖОО «нәтижелілік» және «тиімділік» сияқты көрсеткіштер арқылы ББ даму стратегиясының ойдағыдай жүзеге асырылуын бағалау, өлшем үдерістерін әзірлеу және еңгізу негізінде ББ-ны жүзеге асыру туралы жүйелі түрде ақпаратты жинақтайды және талдайды, барлық бағыттар бойынша өзін-өзі бағалау жүргізеді, ББ даму жоспарын құрастырып, қайта қарастырады.

7.2.9 ББ даму жоспары барлық мүдделі жақтар өкілдерімен ашық талқылаудан өтіп, берілген ұсыныстар мен түзетулер негізінде ЖОО-ның өкілетті алқалы органы жобаға өзгертулер енгізеді.

7.2.10 Мүдделі топ өкілдерінің көрнектілігін қамтамасыз ету маңызды фактор болып табылады.

7.2.11 ЖОО ББ ПОҚ жүзеге асыратын ҒЗЖ-ы басымдылықтарының білім саласындағы ұлттық саясатқа, ғылым және инновациялық дамытуға сәйкестігін көрсетуі керек.

7.2.12 ЖОО ББ қаржыландыру жүйесінің орнықтылық, тиімділік, нәтижелілік, басымдылық, ашықтық, жауапкершілік, өкілеттікті табыстау, шектеу және дербестік қағидаларының іске асыру дәрежесін көрсетеді.

7.2.13 ББ-ны басқару келесі пункттерді қамтуы тиіс:

7.2.13.1 үдеріс арқылы қызметті (іс-әрекетті) басқаруды;

7.2.13.2 жоспарлау, дамыту және үнемі жақсарту тетіктерін;

7.2.13.3 тәуекелдерді бағалау және сол тәуекелдерді төмендету жолдарын анықтауды;

7.2.13.4 мониторингі, соның ішінде жоспарларды жүзеге асыру мен қызмет ету динамикасын анықтауға мүмкіндік беретін есеп беру үдерістерін құру;

7.2.13.5 әзірленген түзету және алдын ала іс-әрекеттерін жүзеге асырудағы айқындалған сәйкессіздіктерді талдауды;

7.2.13.6 өзгерістердің тиімділігін талдауды;

7.2.13.7 бөлімшелер қызметінің нәтижелігі мен тиімділігін және олардың өзара қарым-қатынастарын бағалауды.

7.2.14 ЖОО-да білім беру бағдарламасының іске асыру регламентін белгілейтін барлық негізгі бизнес-үдерістер құжаттандырылуы қажет.

7.2.15 ЖОО әртүрлі оқу түрлеріне (күндізгі, кешкі, сырттай оқу), деңгейлерге (BA - MA - PhD) және қолданылатын технологияларға (соның ішінде қашықтық) деген өз талаптарын анықтауы тиіс.

7.2.16 ЖОО бизнес-үдерістердегі жауаптыларды нақты анықтағанын, ББ іске асыру барысында қатысатын қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бір мағыналы түрде бөлгенін, алқалы органдар қызметін ажыратқанын көрсетуі тиіс.

7.2.17 ЖОО осы үдерістің регламентін белгілейтін құжаттар мен білім беру бағдарламалардың мониторингін және мезгілдік пікір беруін (қайта қарау) бекіту тәртібін көрсетуі керек.

7.2.18 ЖОО студенттерге, қызметкерлерге, мүдделі тұлғаларға бағытталған хабарландыру мен кері байланыс жүйесінің болуын және тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуі тиіс.

7.2.19 ЖОО студенттермен, қызметкерлермен, мүдделі тұлғалармен байланыс тетігінің бар болуын, соның ішінде шағымдарды, өтініштерді, сауалдарды белгіленген мерзімде қарастырылатынын көрсетуі қажет.

7.2.20 ЖОО білім беру бағдарламасын бағалау әдістерін, түрлерін және мерзімділікті белгілеуі қажет.

7.2.21 Дәл осындай білім беру бағдарламасын іске асыратын басқа ЖОО-лармен ынтымақтасу және тәжірибе алмасу маңызды фактор болып табылады.

7.2.22 ББ басшылығы фактілер негізінде дәлелді шешім қабылдауы тиіс.

7.2.23 ББ басшылығы ББ-ның сапасын қамтамасыз ету жүйесінің табысты қызмет етуін көрсетуі керек, оның ішіне жобалау, басқару және мониторинг, олардың жақсаруы, фактілер негізінде шешімдерді қабылдау кіреді.

7.2.24 Ақпараттық жүйелері мен мәлімет қорларының бар болуы, Интернет желісін ақпарат беру үшін қолдануы, білім алушылар, қызметкерлер мен қоғам үшін жоспарлау үдерістері мен оның тиімділігін бағалау нәтижелері жөнінде ақпарат көрсетілген Интернет сайтының немесе порталдың болуы маңызды фактор болып табылады.

7.2.25 ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқару жүйесінің ашықтығын дәлелдеп көрсетуі міндетті.

7.2.26 Білім беру бағдарламасының алқалы басқару органдарының құрамында мүдделі тұлғалар (жұмыс берушілердің, профессорлық-оқытушы құрамының, білім алушылардың) өкілдерінің қатысуы маңызды фактор болып табылады.

7.2.27 ЖОО студенттер мен түлектер контингенті, бар ресурстар, қызметкерлер құрамы, ғылыми және халықаралық қызметтер, тағы басқа бағыттар бойынша статистиканы жинақтау және талдау жүйесінің ББ басқару үдерістерінде бар болуын және қарқынды қолдануын дәлелдеп көрсетуі міндетті.

7.2.28 Ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерді зерттеу нәтижелері негізінде ББ-ны басқару маңызды фактор болып табылады.

7.2.29 ББ басшылығы профессорлық-оқытушы құрамының, қызметкерлердің, білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін өлшеуді қамтамасыз етіп, өлшем үдерістері аясында табылған кемшіліктерді жойғанын көрсетуі міндетті.

7.2.30 ББ басшылығы білім алушыларға, профессорлық-оқытушы құрамына, ата-аналарға басшылардың және әкімшіліктің ашықтығын (жеке сұрақтар бойынша ресми қабылдау уақыты, e-mail қатынасу және т.б.) көрсетуі міндетті.

7.2.31 ЖОО басқарушы органдарға және басшылыққа кез келген мүдделі тұлға өзінің білім беру бағдарламасының қызметін жақсарту жайындағы инновациялық ұсыныстарын байланыс арна арқылы беруге мүмкіндіктері бар екендігін көрсетуі

міндетті. ЖОО осы ұсыныстарды талдау және ұқсас ұсыныстарды ЖОО-ның өміріне енгізуге міндетті.

## **8. Стандарт «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі». Талаптар**

### **8.1 Жалпы ережелер**

8.1.1 Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру болашақ мамандардың білім беру деңгейінің біліктілігіне сәйкес және нарық қажеттіліктерін қанағаттандыратын кәсіптік құзыретін қалыптастыруға бағытталған.

8.1.2 Білім беру бағдарламалары жеке білім беру траекториясын құру, білім алушылардың мүмкіншіліктері мен жеке қажеттіліктерін есептеу мүмкіндігін қарастырады.

8.1.3 Білім беру бағдарламасының сапасын бағалау келесі пункттердің негізінде жүзеге асады:

8.1.3.1 білім беру бағдарламасын жүзеге асыру регламентін белгілейтін оқу жоспарларды, элективті пәндер каталогын, жұмыс оқу кестелерді, студенттер бағдарламасының жеке жоспарларын, ішкі нормативті құжаттарды талдау;

8.1.3.2 оқыту әдістемесін және студенттің өзіндік жұмысының ұйымдастырылуын талдау;

8.1.3.3 ЖОО-ның қызметкерлері мен білім алушылардан, мүдделі жақтардан сұхбат алып, сауалнама жүргізу;

8.1.3.4 ЖОО-дағы дәрістер мен семинарлардың өткізілуін қадағалау нәтижелері негізінде;

8.1.3.5. студенттер білімін бағалауды қадағалау нәтижелерін және әдістемені талдау.

### **8.2 Бағалау өлшемдері: ББ мазмұны**

8.2.1 ЖОО білімді, икемділікті, дағдыларды, құзыретті, жеке сапаларды қосатын білім беру бағдарламасы түлегінің әзірленген үлгілерінің бар болуын көрсетуі керек.

8.2.2 ЖОО білім беру бағдарламасын әзірлеуде, басқаруда және олардың сапасын қамтамасыз етуінде профессорлық-оқытушы құрамы мен жұмыс берушілердің қатысуын дәлелдеуге міндетті.

8.2.3 ЖОО ББ-ның жобалауына және іске асырылуына қатысқан жұмыс берушілер солардың әдеттегі өкілдері (репрезентативті) екенін және көпшілік жұмыс берушілерге тән мүдделер мен көзқарастарын білдіретіндігін дәлелдеуі керек.

8.2.4 ЖОО білім алушылардың жеке білім беру траекториясының мазмұнын, көлемін, құру логикасын, түлектердің кәсіптік құзыретінің қалыптасуына пәндер мен кәсіптік тәжірибелердің әсерін анықтауы міндетті.

8.2.5 ББ басшылығы әртүрлі деңгейлі білім бағдарламаларының (бакалавриат-магистратура-докторантура-қосымша білім беру) үздіксіздігін, соның ішінде пәндердің өзара академиялық байланыста болуын және олардың дәйектілігі мен бірзділігін көрсетуі міндетті.

8.2.6 ББ басшылығы білім алушылардың кәсіптік құзыретінің, білімдері мен дағдылардың қалыптасуына пәндердің ықпалын көрсетуі міндетті.

8.2.7 ББ басшылығы пәндер курстарының логикаға сәйкестігін нақты анықтап, оқу нәтижелеріне қойылған негізгі талаптарды жұмыс оқу бағдарламасында көрсетуі міндетті.

8.2.8 ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұнында кәсіби контексттің бар болуын көрсетуі керек.

8.2.9 ББ басшылығы теориялық және тәжірибелік-бағытталған пәндердің арасындағы тиімді тепе-теңдіктің бар болуын көрсетуі керек.

8.2.10 ББ басшылығы оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын құрастыру қисыны мен себептерін, әсіресе оқу жоспарының тізіміне сол пәнді таңдау себептерін, пост-немесе пререквизит мәртебесін беру себептерін, пәндердің атаулары мен мазмұндарының оқып жатқан ғылыми/қоғамдық және т.б. саладағы өзекті даму бағыттарына сәйкестілігін көрсетуі міндетті.

8.2.11 ББ басшылығы оқу пәндердің мазмұнын оқу деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) және ұсынылған оқу нәтижелеріне сай болуын қамтамасыз етуі керек.

8.2.12 Пәндердің тізімі мен мазмұны білім алушыларға қолжетімді болу тиіс. Пәндер ең өзекті ғылыми-зерттеу жұмыстардың нәтижелерін және оқытылып жатқан сала туралы басқа да ақпаратты қамтиды. Пәндер оқытылып жатқан саладағы әлемдік күн тәртібіндегі барлық сұрақтарға, мәселелерге толық жауап беруі керек.

8.2.13 Оқу бағдарламасының мазмұнын жетекші шетел және Қазақстанның жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларымен үйлестіруі маңызды фактор болып табылады.

8.2.14 Оқу бағдарламасының құрылымында білім алушылардың өзіндік ерекшеліктеріне қарай кәсіптік дағдылардың дамуына мүмкіндік тудыратын түрлі қызметтердің мазмұндары ескерілу керек.

8.2.15 Жұмысберушілердің мүдделерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын жаңарту маңызды фактор болып табылады.

8.2.16 ББ басшылығы нарықтағы өзгерістерді, білім алушылар мен оқытушылардың қалауларын ескере отырып, шешімдерді қабылдауға жұмыс берушілердің, білім алушылардың, оқытушылардың және мүдделі тұлғалардың өкілдерін тартып, оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының мазмұнын жыл сайын қайта қарауын қамтамасыз етеді.

### **8.3 Бағалау өлшемдері: ББ дараландыру**

8.3.1 ББ басшылығы кәсіби дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жеке оқу бағдарламасын қалыптастыру бойынша оқу тіліне қарамай, білім алушыларға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі қажет.

8.3.2 ББ басшылығы білім беру үдерісінің мәселелеріне қатысты білім алушыларға кеңес беру және жекелеген көмек көрсету жүйесінің бар болуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі қажет.

8.3.3 ББ басшылығы білім алушылардың жеке білім беру траекториясы арқылы тиімді көтерілуіне, эдвайзерлардың кеңес беруіне жағдай жасайды.

8.3.4 ББ басшылығы ББ-ны іске асыру барысында студенттердің артықшылықтарын, жеке ерекшеліктерін, қажеттіктері мен мәдени тәжірибесін қолдануын көрсетуі керек.

8.3.5 ББ басшылығы ББ-ны іске асыру барысында білім алушыларға жекелеген академиялық қолдау беретінін көрсетуі керек.

8.3.6 ББ басшылығы студенттің білім беру траекториясы бойынша алға басуының және жетістіктерін мониторингтен өткізу жүйесінің болуын алға тартуы тиіс.

### **8.4 Бағалау өлшемдері: білім алушылардың нәтижелерін бағалау**

8.4.1 ББ басшылығы білім алушылардың пәнді оқу барысында ие болған білімін, дағдылары мен қасиеттерін объективті, нақты, толық бағалау тетігінің және апелляцияның алқалы тетігі мен кәсіби апелляциялық бағалаудың бар болуын және тиімді қызмет жасауын қамтамасыз етуі қажет.

8.4.2 ББ басшылығы білім деңгейін бағалаудың және білім алушылардың кәсіптік біліктілігінің қалыптасу дәрежесінің әділдігін, олардың бағалау тетіктері мен құралдарының баламалығын және ашықтығын қамтасыз етуі қажет.

8.4.3 ББ басшылығы білім алушылардың білім деңгейін бағалау рәсімдерінің жоспарланған оқу нәтижелеріне және бағдарламаның мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

8.4.4 ББ басшылығы оқу пәндерін зерттеу мен курс бойынша оқытудың басында білім алушылардың білімін диагностикадан өткізуі тиіс.

8.4.5 Білімді бағалау өлшемдері мен үдерісі ашық болуы керек.

### **8.5 Бағалау өлшемдері: оқу әдістемесі**

8.5.1 ББ басшылығы жүйелі дамытуды, оқытудың белсенді әдістері мен сабақ берудің инновациялық әдістерін енгізуі мен тиімділігін қамтамасыз етуі керек.

8.5.2 Білім беру бағдарламасын іске асыру барысында білім алушының өзіндік жұмысына мониторинг жүргізіп, оның нәтижелерін баламалы бағалау тетіктерін жасауы тиіс.

8.5.3 Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларының бар болуы және білім беру үдерісіне қазақстандық ғылыми-зерттеу ұйымдарын тарту маңызды фактор болып табылады.

8.5.4 ББ басшылығы білім алушыларға мамандық бойынша тәжірибеден өту мүмкіндігін қамтамасыз етіп, тәжірибеден өту орындарына және жұмыс берушілерге қатысты білім алушылар мен кәсіпорын басшыларының қанағаттанушылық мониторингін өткізуі керек.

8.5.5 ББ басшылығы білім беру үдерісіне ғылыми зерттеулердің нәтижелерін енгізуді қамтамасыз етуі керек.

8.5.6 ББ басшылығы оқу пәндерінің сабақ беру әдістемесі саласында меншікті зерттемелерінің бар екенін және зерттеулердің жүргізілгенін дәлелдеуі керек.

## **9. Стандарт «Профессорлық-оқытушы құрамы және оқытудың тиімділігі».** **Талаптар**

### **9.1 Жалпы ережелер**

9.1.1 ББ профессорлық-оқытушы құрамын қалыптастыру мен дамытудың кадрлық саясаты:

9.1.1.1 жауапкершілікті, лауазымдық міндеттерді және біліктілік талаптарын анықтайды;

9.1.1.2 ББ іске асыратын профессорлық-оқытушы құрамының, әкімшілік-басқару персоналы мен ЖОО қызметкерлерінің дамуы мен біліктілік деңгейін көтеруге бағытталған іс-шараларды қамтиды;

9.1.1.3 ықтимал тәуекелдерді есепке алады;

9.1.1.4 қызметкерлерді басқару мен олардың дамуы, соның ішінде кадрларды іріктеп алу жүйесінің ұйымдастырушылық және қызметтік құрылымының тәртібін белгілейді;

9.1.1.5 профессорлық-оқытушы құрамының біліктілігін білім беру бағдарламасының қажеттіліктеріне сай болуын қамтамасыз етеді;

9.1.1.6 қызметкерлерді уәждемелеу, жаңа қызметкерлердің бейімделуі, аттестатау және қызметкерлерге қатысты тәртіптік шараларды қолдану, қызметкерлерді жұмыстан босату рәсімінің механизмдерінің қызмет етуін қамтамасыз ету;

9.1.1.7 қызметкерлердің этикалық жүріс-тұрыс қағидаларын қамтиды.

9.1.2. Берілген стандарттың өлшемдеріне сәйкестікті бағалау келесі пункттер негізінде жүзеге асады:

9.1.2.1. лауазымдық міндеттерді, құқықтарды, жауапкершілікті, кәсіптік даму мен біліктілікті арттыру, уәждеме, бейімделу, жұмыстан босату жүйелерін және басқада кадрлық мәселелерді анықтайтын құжаттарды талдау;

9.1.2.2. профессорлық-оқытушы құрамынан, қызметкерлер мен басшылықтан сұхбат алу;

9.1.2.3. ЖОО-дағы этикалық жүріс-тұрыс, корпоративтік мәдениет жайлы

мәлімет беру.

## **9.2. Бағалау өлшемдері**

9.2.1 ББ басшылығы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында іскерлерді тартып, олармен оқылатын пәндердің үлесін анықтау керек. ББ басшылығы оларды сабақтарды өткізуге тарту қисынын көрсетуі міндетті.

9.2.2 ББ басшылығы білім беру үдерісінде инновациялар мен ақпараттық технологияларды үнемі қолданылуын профессорлық-оқытушы құрамына уәждемелеуі тиіс.

9.2.3 ББ басшылығы профессорлық-оқытушы құрамының біліктілік талаптарына, білім беру бағдарламасының деңгейі мен ерекшелігіне сәйкестігін қамтамасыз етуі керек.

9.2.4 ББ басшылығы ПОҚ кадрлық әлеуетінің білім беру бағдарламасының стратегиясы мен ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі керек.

9.2.5 ББ басшылығы білім беретін бағдарламалардың қажеттіліктерін талдау негізінде және кадрларды іріктеу жұмысын рекрутинг жүйесінің бар болуын көрсетуі керек.

9.2.6 ББ басшылығы ПОҚ туралы мәліметтердің қоғам үшін қолжетімдігін, соның ішінде ПОҚ тізбелерін, ЖОО-ның сайтында сауалнамалардың орналастыруын көрсетуі керек.

9.2.7 ББ басшылығы басшылықтың қолжетімділік қағидасын және барлық кадрлық рәсімдер айқындығының сақталуын көрсетуі керек.

9.2.8 Жүйелі түрде ББ басшылығы ПОҚ қызметінің мониторингін, оқытушылардың біліктілігін бағалауды, сабақ беру сапасын кешенді бағалауды қамтамасыз етуі керек.

9.2.9 Оқытушының жұмыс жүктемесі оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми жұмысты (жобалар мен өтініштерді әзірлеу), ұйымдастыру-әдістемелік (әртүрлі шараларды ұйымдастыру және қатысу), кәсіптік біліктілігін арттыруды (біліктілікті жетілдіру, тұлғаның жеке дамуы мен мамандық бойынша әдебиетті зерттеу), кәсіби ортадағы қызметті (мысалы, кәсіби қауымдастықтарға қатысу және консалтинг) қамтауы тиіс. ББ басшылығы жоспарланған жүктеменің барлық түрлерінің оқытушылармен орындалуының дәлелін көрсетуі керек.

9.2.10 ББ басшылығы қызметтің барлық түрлері бойынша ПОҚ жұмысының жеке жоспарлауының толықтығы мен адекваттылығын, жеке жоспарлардың нәтижелілігі мен тиімділігінің мониторингін қамтамасыз етуі керек.

9.2.11 ББ басшылығы ПОҚ біліктілігін арттыру, кәсіптік және жеке даму жүйесінің ББ мақсаттарына сәйкестігін көрсетуі керек.

9.2.12 ББ басшылығы жас оқытушыларды дамытуы бойынша мақсатты әрекеттерді қамтамасыз етуі керек.

9.2.13 ББ басшылығы оқытушылар мен қызметкерлердің кәсіптік және жеке дамытуды ынталандыру тетіктерін көрсетуі керек.

9.2.14 ББ басшылығы ПОҚ қанағаттанушылығының мониторингін қамтамасыз



етуі керек.

9.2.15 ББ басшылығы ПОҚ-тың мамандану саласындағы практикалық тәжірибеге тұрақты түрде еліктіргендігін көрсетуі керек.

9.2.16 ББ басшылығы ББ іске асыруға экономиканың тиісті саласындағы жұмыс тәжірибесі бар мамандарды тартуын дәлелдеуі керек.

9.2.17 ББ басшылығы ПОҚ-тың АТ-біліктілігін, инновациялық әдістер мен оқу формаларының қолдануын көрсетуі керек.

9.2.18 ББ іске асыру барысында академиялық оралымдылықты дамыту, таңдаулы шетел және отандық оқытушыларды тарту, бірлескен зерттеулерді жүргізу маңызды фактор болып табылады.

9.2.19 ББ іске асыру барысында белгілі ғалымдарды, қоғамдық және саяси қайраткерлерді, еңбек сіңірген қайраткерлерді тарту маңызды фактор болып табылады.

9.2.20 ПОҚ-тың қоғам өміріне қатысуы (ПОҚ-тың білім беру жүйесіндегі, ғылымның, өлкенің дамуындағы, мәдени ортаны жасауындағы рөлі, көрмелерге, шығармашылық жарыстарға, қайырымдылық бағдарламаларға және т.б. қатысу) маңызды фактор болып табылады.

## **10. Стандарт «Білім алушылар». Талаптар**

### **10.1. Жалпы ережелер**

10.1.1 ББ басшылығы білім алушылар контингентін жасақтау саясатын көрсетуі керек.

10.1.2 ББ басшылығы білім алушылар контингентін жасақтау тәртібін келесі пункттерге сүйене отырып анықтауы керек:

10.1.2.1 талапкерлердің ең төменгі талаптарына;

10.1.2.2 семинарлық, практикалық, зертханалық және студиялық сабақтарды өткізу барысында топтардың ең жоғары көлемі 25 адам болуына;

10.1.2.3 мемлекеттік гранттар санының болжауларына;

10.1.2.4 бар материалдық-техникалық, ақпараттық ресурстарды, кадрлық әлеуетті талдауына;

10.1.2.5 студенттерге жасалған әлеуметтік жағдайларды талдауға, соның ішінде жатақханадан орын беруге.

10.1.3 Осы стандартты бағалау келесі пункттердің негізінде жүзеге асады:

10.1.3.1 білім беру үдерісін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды талдау;

10.1.3.2 білім алушылардың жеке жоспарларын, жеке істерін, бұйрықтарын талдау;

10.1.3.3 оқу үдерісін ақпараттық сүйемелдеуді қоса оқыту саласын тексеру;

10.1.3.4 білім алушылардан сұхбат алып, сауалнама жүргізу.

## 10.2 Бағалау өлшемдері

10.2.1 ББ басшылығы білім беру бағдарламасының білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын және оның рәсімдерінің айқындығын көрсетуі керек.

10.2.2 ББ басшылығы ББ алқалы басқару органдарында студенттердің өкілдігін қамтамасыз етуі керек.

10.2.3 ББ басшылығы оқу нәтижелеріне сүйене отырып білім алушылардың негізгі рөлдерін (кәсіптік, әлеуметтік) жақсы ұғынуын көрсетуі керек.

10.2.4 Оқыту үдерісі кезіндегі білім алушылардың мамандану мүмкіндігінің болуы маңызды фактор болып табылады.

10.2.5 Білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына жұмылдыру маңызды фактор болып табылады.

10.2.6 Білім алушылар үшін сыртқы және ішкі оралымдылық мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады.

10.2.7 Дарынды білім алушыларды қолдайтын бағдарламалардың бар болуы маңызды фактор болып табылады.

10.2.8 ББ басшылығы түлектерді жұмысқа орналастыруға, түлектермен байланыста болуға және ББ жекелеген бағдарламалары бойынша түлектердің бірлестігін құруға барынша күш салуы керек.

10.2.9 Түлектердің кәсіптік қызметі мен жұмысқа орналасуының мониторингі маңызды фактор болып табылады.

10.2.10 ББ басшылығы білім алушыларды негізгі бағдарламадан тыс (оқудан тыс қызмет) өзін-өзі оқытуға белсенді түрде ынталандыруы керек.

10.2.11 ББ басшылығы білім алушыларға өз пікірлерін білдіріп, мысалы Интернет форум, студенттік ұйымдар арқылы пікір алмасуы мүмкіндік беруі тиіс.

10.2.12 ББ басшылығы білім алушылардың жалпы ЖОО қызметімен және жекелеген қызметтерімен қанағаттанушылығын мониторингтен өткізу тетігін жасауы керек.

10.2.13 ББ басшылығы білім алушылардың білімдерін бағалау нәтижелері туралы мәліметтерді жедел ұсынуын қосатын кері байланыс жүйесінің жұмыс істеуін көрсетуі керек.

10.2.14 Білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беруді әрі қарай жалғастыру мүмкіндігінің болғаны маңызды фактор болып табылады.

10.2.15 Білім алушылар мен профессорлық-оқытушы құрамының академиялық оралымдылық (басқа да қазақстандық және шетел жоғары оқу орындарында белгілі уақыт бойы оқу мүмкіншілігі, профессорлық-оқытушы құрамымен академиялық алмасу) және білім алушылардың академиялық оралымдылық нәтижелерін мақұлдау бойынша тетіктің бар болуы маңызды фактор болып табылады.

## **11. Стандарт «ББ қолжетімді ресурстар». Талаптар**

### **11.1 Жалпы ережелері**

11.1.1 Материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстардың тұрақты түрде жақсарту ББ білім сапасын қамтамасыз ету факторы болып табылады.

11.1.2 Студенттердің оқыту ортасы, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды қоса алғанда, білім беру бағдарламасының мақсаттарына сай болуы керек.

11.1.3 ЖОО-лар ғылыми зерттеулерді жүргізуге, ғылымның білім беру үрдісіне интеграциялануына, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын нәтижелерінің жариялануына жағдай туғызады.

